

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ДЕНСАУЛЫҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ОБЛЫСТЫҚ ЖЕДЕЛ МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӘРДЕМ
СТАНЦИЯСЫ» ШЖҚ МКК**

ХАТТАМАСЫ № 1

10.06.2026

Түркістан облысы денсаулық басқармасының «Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы» ШЖҚ МКК-ның мәжіліс залында: **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарыне сақтай мәселелері бойынша** кезектен тыс жиналыс өткізілді.

Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясының басшы Б.Мырзагелдиев төрағалық етіп, басшы орынбасарлары, барлық әкімшілік бөлімі қызметкерлері қатысты.

Күн тәртібіндегі мәселе:

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және алдын алу мәселесі бойынша»

Тақырыбы: ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың 2022-2026 жылдар арналған тұжырымдамасын бекіту туралы және (Қазақстан Республикасының президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы №802 жарлығы);

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі (ҚР кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-в) ҚРЗ;

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі (Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығы).

Жиналысқа төрағалық етуші кәсіпорын басшы Мырзагелдиев Бахытжан Мырзалиевич жиналысты ашық деп жариялап, ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың 2022-2026 жылдар арналған тұжырымдамасын таныстыру үшін сөзді комплаенс офицері Д.Туленовқа сөз берді.

Д.Туленов өз сөзінде ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың 2022-2026 жылдар арналған тұжырымдамасы 7 бөлімнен тұратынан айтып, әр бөлімге қысқаша тоқталып түсіндірме жұмыстарын жүргізді.


Келесі сөз кезегін кәсіпорын заңгері О.Омар алып ҚР Еңбек кодексін және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілер әдеп кодексімен таныстырып өтті.

Жиналыс соңында сыбайлас жемқорлыққа қатысты барлық мәселелер жан-жақты талқыланып, кәсіпорын қызметкерлер тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауап берді.

Жиналыс төрағасы Б.Мырзагелдиев жиналысты қортындылады.

Мәжіліс төрағасы :

Хатшы:



Б.Мырзагелдиев

Н.Абдулла